

*Бапанова Тогжан Талгаткызы*  
**ЖАЛПЫ ЖАНА АТАЙЫН ЭРЕЖЕЛЕР, БӨЛҮКТӨРДҮН  
 ЖАНА БҮТҮНДӨЙ ЭРЕЖЕЛЕРДИН КАЙТАЛАП АТААНДАШКАН  
 УЧУРУНДАГЫ КЫЛМЫШ-УКУК БУЗУУЛАРДЫН  
 КВАЛИФИКАЦИЯСЫНЫН АЙРЫМ МАСЕЛЕЛЕРИ**

*Бапанова Тогжан Талгаткызы*  
**ЖАЛПЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ НОРМАЛАР, БӨЛІК ПЕН  
 БҮТІН НОРМАЛАРДЫҢ БІРНЕШЕ РЕТ БӘСЕКЕЛЕСТІГІ  
 КЕЗІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ  
 САРАЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Бапанова Тогжан Талгаткызы*  
**НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ  
 ПРАВОНАРУШЕНИЙ ПРИ НЕОДНОКРАТНОЙ КОНКУРЕНЦИИ  
 ОБЩЕЙ И СПЕЦИАЛЬНОЙ НОРМ, ЧАСТИ И ЦЕЛОГО**

*Baranova Togzhan Talgatkyzy*  
**SOME QUESTIONS OF QUALIFICATION OF CRIMINAL  
 OFFENSES IN CASE OF REPEATED COMPETITION OF GENERAL  
 AND SPECIAL NORMS, PART AND WHOLE**

УДК: 343.2

Бул макалада Казакстан Республикасынын мыйзамдарына ылайык кайталап атаандашкан учурундагы жазык бузууларын квалификациясынун айрым көйгөйлөрү каралат. Макаланын максаты - жазык-укуктук ченемдердин кайталап атаандаштык түшүнүгүн аныктоо жана ушул темада юридикалык окумуштуулардын эмгектерин талдоо. Макаланын практикалык мааниси Казакстан Республикасынын кылмыш мыйзамдарын өркүндөтүү боюнча корутундуларды жана сунуштарды колдонуу мүмкүнчүлүгүндө. Изилдөөнүн натыйжалары Казакстан Республикасынын Жогорку Сотунун Пленумунун көрсөтмөлөрү боюнча тактоолорду даярдоодо, атаандаш ченемдерди колдонууда, кылмыштардын жыйындысын түзүүдө укук коргоо органдарынын ишин өркүндөтүүдө колдонулушу мүмкүн. Макаланын методологиялык негизин системалуу, логикалык-укуктук жана конкреттүү-социологиялык сыяктуу таанып-билүүнүн жалпы илимий жана атайын ыкмаларын түзөт. Макалада каралган теориялык жоболор жана тыянактар кылмыш-жаза мыйзамдарынын көптөгөн бөлүмдөрүн иштеп чыгат жана толуктайт.

**Негизги сөздөр:** атаандаштык, жазык-укуктук ченемдер, бир нече жолу атаандаштык, кылмыш-жаза укугу, кылмыш-жаза мыйзамдары, жалпы ченем, атайын ченем, бөлүк ченем, бир бүтүн ченем.

В представленной статье исследуются проблемы квалификации уголовных правонарушений при неоднократной конкуренции по законодательству Республики Казах-

стан. Целью статьи является определение понятия неоднократной конкуренции при квалификации уголовных правонарушений и анализ трудов ученых-юристов касательно данной темы. Практическая значимость статьи состоит в возможности использования выводов и предложений для совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан. Результаты исследования могут быть использованы при подготовке руководящих разъяснений Пленума Верховного Суда Республики Казахстан, для совершенствования деятельности правоприменительных органов при применении конкурирующих норм, установлении совокупности преступлений. Методологическую основу статьи составляют общенаучные и специальные методы познания такие, как системный, логико-юридический и конкретно-социологический. Рассмотренные в статье теоретические положения и выводы развивают и дополняют многие разделы уголовного права.

**Ключевые слова:** конкуренция, уголовно-правовые нормы, неоднократная конкуренция, уголовное правонарушение, уголовное право, общая норма, специальная норма, норма-часть, норма-целое.

The presented article examines the problems of qualification of criminal offenses in case of non-democratic competition under the legislation of the Republic of Kazakhstan. The purpose of this article is to define the concept of unequal competition in the qualification of criminal offenses and the analysis of the work of scholars-lawyers on this topic. The practical significance of the article lies in the possibility of using conclusions and proposals to improve criminal law of the Republic of

*Kazakhstan. The results of the study can be used in the preparation of the guidance of the Plenum of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, to improve the activities of law enforcement agencies in the application of competing norms, to establish the totality of crimes. The methodological basis of the article consists of general scientific and special methods of cognition such as systemic, logical-legal and concrete sociological. The theoretical provisions, content and conclusions considered in the article develop and supplement many sections of criminal law.*

**Key words:** competition, criminal law norms, unequal competition, criminal offense, criminal law, general norm, special norm, norm-part, norm-whole.

Қазіргі заманда орын алып отырған үрдістер идеологиялық, саяси, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы себептерден туындаған белгісіз теріс оқиғалардың пайда болуымен ерекшеленеді. Бұл оқиғалармен күресте мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының жинағы жұмылдырылған, соның ішінде, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының рөлі аз емес. Қылмыстық-құқықтық шаралар, негізінен қорғау қызметін атқара отырып, қоғамдық қатынастардың дұрыс дамуын және оны мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның мүддесіне іске асыруына мүмкіндік бере отырып ықпал етеді.

Бұл қызметті атқару үшін теріс оқиғаларды өз уақытында криминализациялаудың, қылмыстық құқық бұзушылықтан сақтандырудың, тұлғаның жасаған қоғамдық қауіпті әрекетін дәлелді анықтаудың, әділ жаза шығарудың, ал қажетті жағдайларда кінәлі тұлғаға жазалаудан және қылмыстық жауапкершіліктен босатуға дейінгі жеңілдіктерді қолданудың маңызы зор.

Заңдылық пен әділділік негіздерінің жағдайы тұлғаның жасаған әрекеті дұрыс қылмыстық-құқықтық баға алуын және кінәлінің қажетті қылмыстық жауапкершілікке тартылуын талап етеді. Дегенмен, аталған қылмыстық құқық негіздері объективті және субъективті факторлармен қиындатылған. Тұлғаның қоғамдық қауіпті мінез-құлқы бірнеше қылмыстық-құқықтық нормалардағы қылмыстылық ретінде немесе тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босату мәселесін шешу барысында, босатудың екі не одан да көп түрлерін бір уақытта қолдану үшін негіздердің болуы және т.б. жиі қарастырылады. Мұндай жағдайларда, құқық қолданушымен қылмыстық-құқық негіздеріне сәйкес шешілуі тиіс қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестілігі орын алады.

Қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі – қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуынан бастап және тұлғаның соттылығын жою немесе алып

тастаудан аяқталатын қылмыстық-құқықтық даму үрдісі орын алатын кең құбылыс.

Бұл ғылыми мақалада заңды қолдану жөніндегі көптеген орын алған мәселелердің бірі - қылмыстық-құқықтық нормалардың бірнеше рет бәсекелестігі зерттеледі.

Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау кезінде қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестіктің екі түрінің ережесін бір мезгілде қолдану қажеттілігі жиі туындайды. Мұндай қолданыс үш немесе одан да көп қылмыстық-құқықтық нормалармен бір мезгілде жауаптылық қарастырылған қоғамдық қауіпті іс-әрекетті жасау кезінде қажет. Осы нормалармен бекітілген құрамдардың ара қатысынан байланысты саралау, не нормалар бәсекелестігінің ережелері бойынша, не бір мезгілде нормалар бәсекелестігінің ережелері мен идеалды (өте оңды) қылмыс жиынтығы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Құрамдардың ара қатысына байланысты мынадай заңдылықтарды анықтауға болады [1, 144-159-бб.]:

1. а) Қоғамдық қауіпті әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылықтың үш құрамы жөніндегі нормалармен қарастырылады: бүтін-норма, бөлік-норма – бүтін-норма және арнайы норма;

б) Қоғамдық қауіпті әрекеттер келесідей үш нормамен қамтылады: бүтін-норма, бөлік-норма 1 – жалпы норма және арнайы норма - бөлік-норма 2.

2. а) Екі норма мен жалпы ереженің байланысы;

б) Қоғамдық қауіпті әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығын құрайтын қылмыстық құқық бұзушылық туралы нормалармен қамтылады.

Бүтін-норма, бөлік-норма - бүтін-норма және арнайы норма орын алған жағдайда қоғамға қауіпті әрекетті саралау, егер ізделіп отырған (мұнда және кейін де ізделіп отырған норма ретінде қоғамдық қауіпті әрекеттердің анағұрлым көп белгілері бар норма түсіндіріледі) бүтін-норма өзіне тек басқа қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамы жөніндегі бөлік-норманы енгізсе, онда бүтін-норма мен арнайы нормада қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жүзеге асырылады. Мысалы, адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ) жұқтырып алуына әкеліп соқтырған екі адамды зорлау (ҚР Қылмыстық кодексінің 120-б. 3-бөлігінің 2) тармағы) бүтін ретінде өзіне адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтыру (ҚР Қылмыстық кодексінің 118-б. 2-бөлігі) туралы норма-бөлікті қосады. Екі адамға қатысты АИТВ жұқтырудың арнайы құрамы

(ҚР Қылмыстық кодексі 118-б. 3-бөлігі) ҚР Қылмыстық кодексінің 120-б. 3-бөлігінің 2) тармағында көзделген нормаға кірмейді. Сондықтан, зорлау барысында екі не одан да көп адамға АИТВ жұқтыру жеке саралауды қажет етеді. Аталмыш норма ҚР Қылмыстық кодексі 118-б. 2-бөлігінде көзделген жалпы нормаға қатысты арнайы норма болып табылады. Бүтін мен бөліктің бәсекелестігі қылмыстық құқық бұзушылықты ҚР Қылмыстық кодексінің 120-б. 3-бөлігінің 2) тармағы бойынша, ал жалпы мен арнайы норма бәсекелестігі ҚР Қылмыстық кодексі 118-б. 3-бөлігінде көзделген арнайы норма бойынша сараланады. Демек, қоғамдық қауіпті әрекетті саралау бүтін және арнайы нормалармен қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың идеалды жиынтығы бойынша сараланады.

Сонымен қатар, қоғамдық қауіпті әрекетті саралау барысында қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығының ережелері бойынша қылмыстық құқық бұзушылық туралы үш норма қамтылады. Яғни, олардың екеуі бүтін норма және біреуі әрбір бүтінге қатысты бөлік норма болып табылады. Қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестігінің бұл түрі екі жалпы норманың жиынтығы бойынша шешіледі.

Қылмыстық-құқықтық нормалар байланысы өзге нормалар бәсекелестігімен салыстырғанда біршама күрделірек болуы мүмкін. Бірақ, байланыс түрлерінің барлығы үшін әрекетті жиынтық бойынша саралау, яғни көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтың болуы, біріктіруші болып табылады. Сонымен, қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығы барлық уақытта нормалар бәсекелестігінің ережелерін екі реттен кем емес қолданудың қорытындысы болып табылады: бөліктің және бүтіннің бәсекелестіктері, сондай-ақ жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестіктері не тек қана бөлік және бүтін немесе жалпы және арнайы нормалардың ережелері бойынша бәсекелестіктер.

Тұжырымдай келе, мынадай коллизиялық ережені ұсынуға болады: нормалар бәсекелестігі ережелерін екі реттен кем емес қолдану салдарынан, үш немесе одан да көп нормамен қамтылатын қоғамдық қауіпті әрекетті саралау қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығы бойынша жүзеге асырылады. Олардың біреуі ізделіп отырған нормамен қамтылады, екінші қылмыстық құқық бұзушылық басқа қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы құрамымен қарастырылады, яғни ізделіп отырған нормада (бүтін) тек қана басқа қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамының бөлік-нормасы болғанда және оның арнайы құрамының белгілерін енгізбейді. Немесе

ізделіп отырған норма (арнайы) басқа қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамы жөніндегі норманың жеке жағдайы болып табылады және оның басқа арнайы құрамына қатысы жоқ.

Сот тәжірибесінен мысал келтіре кетсек: «Шымкент гарнизоны әскери сотының 2018 жылғы 16 наурыздағы үкімімен:

Д. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 106-бабы 2-бөлігінің 7) тармағымен 5 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 293-бабы 3-бөлігінің 2) тармағымен 3 жылға бас бостандығынан айыруға, 58-бабының 3-бөлігіне сәйкес онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы түпкiлiктi 5 жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесiнiң орташа қауiпсiз мекемесiнде өтеуге сотталған.

Сот үкімімен Д. адамдар тобы болып, қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзғаны және бұзақылық ниетпен С.-ның денсаулығына қасақана ауыр дәрежелі зиян келтіргені үшін кінәлі деп танылған» [2, 32-35-бб.].

Аталмыш мысалда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабы 2-бөлігінің 7) тармағында бекітілген норма бүтін-норма болып табылады, ал бұзақылық (ҚР Қылмыстық кодексінің 293-бабы 1-бөлігі) бүтін-нормаға қатысты бөлік-норма және арнайы нормаға қатысты жалпы норма болып табылады. Бұл реттегі арнайы норма Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабы 3-бөлігінің 2) тармағында қарастырылған. Қылмыстық құқық бұзушылық бүтін-норма мен арнайы норманың идеалды жиынтығы бойынша дұрыс сараланған.

«Шығыс Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2018 жылғы 14 маусымдағы үкімімен:

Қ. 2017 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 188-бабының үшінші бөлігімен 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасына шартты түрде сотталған,

- ҚК-нің 293-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен 4 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, 287-бабының екінші бөлігімен 6 айға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жазаларды толық қосу жолымен 5 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

ҚК-нің 64-бабының бесінші бөлігі негізінде Алматы қаласы Медеу ауданы № 2 аудандық сотының 2017 жылғы 28 наурыздағы үкімімен Қ.-ға ҚК-нің

188-бабының үшінші бөлігімен тағайындалған 3 жылға шартты түрдегі соттаудың күші жойылған.

ҚК-нің 60-бабына сәйкес үкімдердің жиынтығы бойынша жазаларды ішінара қосу жолымен Қ.-ға түпкілікті 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленген.

Сот үкімімен Қ. адамдар тобымен алдын ала сөз байласып, денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған атыс қаруын қолданып, қоғамдық тәртіпті, қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзғаны үшін, сондай-ақ жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды заңсыз иемденгені, сақтағаны және алып жүргені үшін кінәлі деп танылған» [3, 48-50-бб.].

Бұл жағдайда да қылмыстық-құқықтық нормалардың бірнеше рет бәсекеге түсуі байқалады: атыс қаруын, газды қаруды, пышақтарды, кастеттерді және өзге де суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру үшін арнайы лайықталған басқа да заттарды қолданып немесе қолдануға тырысып жасалған бұзақылық (ҚР Қылмыстық кодексінің 293-б. 3-бөлігінің 2) – тармағы) бүтін-норма, қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР Қылмыстық кодексі 287-б.) – бүтін-нормаға қатысты бөлік-норма және арнайы нормаға қатысты жалпы норма, ал жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қаруды, қысқа ұңғылы тегіс ұңғылы атыс қаруын, сол сияқты оның патрондарын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (ҚР Қылмыстық кодексі 287-б. 2-бөлігі) арнайы норма болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау норма-бүтін және арнайы норманың идеалды жиынтығы бойынша жүзеге асырылған.

Қоғамдық қауіпті әрекеттер бүтін-норма, бөлік-норма 1 – жалпы норма және арнайы норма - бөлік-норма 2 қарастырылған кезде, бөлік-норма 1 бүтін-нормаға және бір мезгілде арнайы нормаға қатысы бойынша жалпы нормамен, ал арнайы норма бүтін-нормаға бөлік-норма 2 ретінде кіреді. Жасалған іс-әрекетті тек бүтін-норма бойынша саралау қажет.

Үш және одан да көп нормалармен қамтылған қоғамға қауіпті әрекетті саралау, ізделіп отырған бүтін-норма өзіне басқа қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын негізгі ретінде де және арнайы ретінде де енгізгенде, бүтін-норма бойынша жүзеге асырылуы тиіс, яғни жасалынған әрекет бірыңғай қылмыстық

құқық бұзушылықты көрсетеді.

Егер бүтін-норма басқа қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі және сараланған құрамдарының бөлік-нормасынан тұрса, онда тек бүтін-норма қолданылады.

Ал, ізделіп отырған арнайы норма жалпы және арнайы сияқты байланысатын басқа қылмыстық құқық бұзушылық жөніндегі нормалардың жеке жағдайы болып табылғанда, жасалынған қылмыстық құқық бұзушылықты ізделіп отырған арнайы норма бойынша саралау қажет.

Мысалы, «Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының 2018 жылғы 07 ақпандағы үкімімен:

Б. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 345-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 4 жылға көлік құралын басқару құқығынан айырыла отырып, 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 347-бабымен - 3 жылға көлік құралын басқару құқығынан айырыла отырып, 2 жылға бас бостандығын шектеуге, ҚК-нің 58-бабының 2-бөлігі негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіндіру арқылы түпкілікті 4 жылға көлік құралын басқару құқығынан айырыла отырып, 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 63-бабы негізінде, шартты түрде сотталған.

Сот үкімімен Б. 2017 жылғы 27 қарашада сағат 17:00-лер шамасында автокөлік құралын Шымкент қаласы, Қайнар бұлақ саяжайы, Степная көшесімен алкогольдік масаң күйде басқарып келе жатып, Қазақстан Республикасы «Жол жүрісі қағидаларының» 2.4.2, 10.1, 9.2 және 2.1.8-тармақтарын өрескел бұзып, жолдың қарама-қарсы жағына шығып кетіп, жаяу жүргіншілерге арналған жолда келе жатқан жәбірленуші А.-ны қағып кетіп, абайсызда оның өліміне әкеп соққан іс-әрекеттері және жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалғаны үшін кінәлі деп танылған» [4, 31-34-бб.].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 104-бабының 1-бөлігі де абайсызда қазаға ұшыратуды қарастырады. Бұл норма Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 345-бабының 3-бөлігімен бекітілген арнайы нормаға қатысты жалпы болып табылады, себебі көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы барысында абайсызда адам өліміне әкеліп соғуы туралы нормада нақты себеп көрсетілген және бұл норма ізделіп отырған арнайы норма болып табылады.

Қарастырылып отырған қылмыстық-құқықтық нормалардың байланысын жалпы коллизиялық ереже түрінде мазмұндауға болады: үш және одан да көп

кылмыстык-құқықтық нормалармен қамтылатын қоғамдық қауіпті әрекетті саралау, бәсекелестік ережелерін екі реттен кем емес қолдану салдарынан бірыңғай кылмыстық құқық бұзушылықтардың ізделіп отырған нормасы бойынша жүзеге асырылады, яғни, ізделіп отырған нормада (бүтін) басқа кылмыстық құқық бұзушылық негізгі құрамы да және сараланған құрамы да болғанда немесе ізделіп отырған норма (арнайы) осы құрамдар жөніндегі нормалардың жеке жағдайы болып табылған кезде қолданылады.

Екі норма мен жалпы ереженің байланысы, яғни бір норма жалпының міндетін, ал басқасы арнайының міндетін орындайды, жалпы ереже бір уақытта жалпыға қатысы бойынша шартты арнайы норма және арнайыға қатысты шартты жалпы норма болып табылады.

Мұндай жағдайда жасалынған әрекетті жалпы және арнайы нормалар бәсекелестігінің ережелерін қолдана отырып, арнайы норманы көздейтін бап бойынша саралау қажет.

Қоғамдық қауіпті әрекеттер қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығын құрайтын кылмыстық құқық бұзушылық туралы нормалармен қамтылады. Мысалы, бұзақылық әрекеттер барысында құқық бұзушы полиция өкіліне оның денсаулығына қауіпті зиян келтіре отырып, қарсылық көрсетті. Аталмыш мысалда билік өкіліне не қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын немесе қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын кесетін өзге де адамға қарсылық көрсетумен байланысты бұзақылық туралы норма (ҚР Қылмыстық кодексінің 293-б. 2-бөлігінің 2-тармағы) – бүтін, ал билік өкіліне қатысты оның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолдану туралы норма (ҚР Қылмыстық кодексінің 380-б. 2-бөлігі) – арнайы норма болып табылады, ал жалпы ереже болып қарсылық көрсету барысында билік өкіліне қатысты күш қолдану саналады. Бұл жалпы ереже бүтінге қатысты бөлік-норма және арнайы нормаға қатысты жалпы норма болып есептелінеді. Сонымен, кылмыстық-құқықтық нормаларды екі рет қолдану сараланған бұзақылықтың (ҚР Қылмыстық

кодексінің 293-б. 2-бөлігінің 2-тармағы) және билік өкіліне қатысты оның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану (ҚР Қылмыстық кодексінің 380-б. 2-бөлігі) идеалды жиынтықты құрайды.

Қорыта айтқанда, нормалар байланысы көбірек типтілік (әдеттегідей) болып табылады, дегенмен олардың арасындағы байланыстың барлық әр алуандылығы біте қоймайды. Нормалар байланысының айрмашылықтарына қарамай, бұл байланыстар нормалар бәсекелестігінің ережелерін бірнеше рет қолдануға мүмкіндік беретін ортақ заңдылыққа ие. Мұндай қолданудың қорытындысы, жасалынған әрекетті не бірыңғай кылмыстық құқық бұзушылық ретінде, не кылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығы ретінде саралау болып табылады. Демек, үш не одан да көп кылмыстық-құқықтық нормалар бір мезгілде қарастырылған кылмыстық құқық бұзушылықты дәрежелеуде нормалар бәсекелестігін бірнеше рет қолдану, не бәсекелестік ережелері бойынша, не нормалар бәсекелестігінің ережелері және кылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша шешіледі.

Бірнеше реттік бәсекелестікті шешудегі коллизиялық ереже не біркелкі кылмыстық құқық бұзушылық нормалары, не кылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығы туралы нормалардың болуы қорытындысы болып табылатын бәсекелестіктен құралады.

#### Әдебиеттер:

1. Иногамова-Хегай Л.В. Конкуренция норм уголовного права. Дисс ... докт.юр.наук: 12.00.08.- М., 1999. - 333 с.
2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені. - Нұр-Сұлтан: «Big Dream» ЖШС баспаханасы, 2019. - №2. - 118-б.
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені. - Нұр-Сұлтан: «Big Dream» ЖШС баспаханасы, 2019. - №6. - 120-б.
4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені. - Нұр-Сұлтан: «Big Dream» ЖШС баспаханасы, 2019. - №4. - 109-б.